

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



ЖАС ҒАЛЫМДАР КЕҢЕСІ



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2016» атты
XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2016»

PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2016»

2016 жыл 14 сәуір
Астана

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2016»
атты XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2016»**

**PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2016»**

2016 жыл 14 сәуір

Астана

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

Ғ 96

Ғ96 «Ғылым және білім – 2016» атты студенттер мен жас ғалымдардың XI Халық. ғыл. конф. = XI Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2016» = The XI International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2016» . – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2016. – б. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-764-4

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

ISBN 978-9965-31-764-4

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2016

мер по совершенствованию консолидированного надзора на основе оценки рисков, снижение банковских рисков связанных с экспансией банков на внешние рынки, потребительским кредитованием и кредитованием малого бизнеса, совершенствованию финансовой статистики и т.д.

Список использованных источников:

1. Ильясов К.К. Финансово-кредитные проблемы развития экономики Казахстана /Под ред.– Алматы: Білім, 1995 – 400 с.
2. Тюрина А.В. О кредитных рисках и возможностях кредитования. // Финансы и кредит. 1999. № 12. С 146-148.
3. Статистический бюллетень Национального банка Казахстана № 4 за апрель 2004 г. // www.nationalbank.kz
4. Сводный баланс по банкам второго уровня РК // Интернет-ресурс: <http://www.afn.kz/>
5. Институционально-инструментальный анализ депозитного рынка //Вестник КазНУ им. Аль-Фараби. 9 февраля 2009 г., 0,6 п.л.
6. Деньги, кредит, банки : учебник / под ред. О.И. Лаврушина. 2-е изд., перераб. и дон. М.: КНОРУС, 2004г.
7. Балабанов И.Т. и др. Деньги и финансовые институты: Учебное пособие – СПб.; М.: Харьков, Минск, Питер. 2000г. – 224с.
8. Г.С. Сеткасимов, К.М. Маулетов, А.А. Мусина Банковское дело: Курс лекций. – Астана: Изд. КазУЭФиМТ, 2008- 243 с.

УДК 368.1

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ САЛЫҚ ЖҮЙЕСІ

Оленбаева Диана Сержановна

dana14.96@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан,

Экономика факультеті «Қаржы» мамандығының 2 курс студенті

Ғылыми жетекшісі - аға оқытушы Жамиева А.Е.

Мемлекеттік бюджеттің түсімдерінің ең басты көзі – салықтар екені бізге мәлім. Салық - бүгінгі күннің өте өзекті мәселесі. Еліміздің экономикасының өркендеп халық тұрмысының жақсару негізінен салық үлкен роль атқарады.

Қазақстанның салық жүйесі тәуелсіздік алған уақыттан бері қалыптасып, әлі күнге дейін толықтыру мен жетілдіруді қажет етеді. Елімізде бұрын-соңды салықтық қатынастардың дамымауы, еліміздегі салық жүйесінің «нөлдік» кезеңнен қалыптасуына себеп болды. Әлемдік тәжірибеде салық салу аясында алдыңғы қатарлы салық жүйесін қалыптастырудың алғышарты болатындай белгілі бір қағидалардың қалыптасуы, біздің ел үшін дұрыс салық жүйесі мен салық механизмінің дамуының дұрыс бағыттарын қалыптастыру мен дамытуға мүмкіндік береді.

Мемлекеттің қандай да болмасын салық жүйесі негізінен екі қызметті атқарады.

Біріншісі – фискалды қызмет болса, екіншісі реттеуші қызмет. Фискалды қызмет ешкімді де алаңдата ойымайды, себебі кез келген мемлекеттің өмір сүруі үшін қаражаттың қажеттілігі өте маңызды нәрсе. Реттеуші қызмет әркімнің мейлін мемлекеттің немесе кәсіпкердің болсын, аса қызықтыратын мәселесі болып табылады. Бәрімізге белгілі таразының екі жағы бар, біріншісі мемлекеттің қажеттілігінен туындаса, ал екіншісі еркін кәсіпкерлікті ұстағандардың мүдделерінен шығады.

1991жылғы желтоқсанның 25-інен бастап біздің елімізде салық жүйесі жұмыс істей бастады. Ол «Қазақстан Республикасындағы салық жүйесі туралы» заңға негізделді. Қазақстан Республикасының Үкіметі 1995 жылдың басында салық реформасының ұзақ

мерзімді тұжырымдамасын қабылдап, онда еліміздің салық жүйесі мен салық заңнамасын бірте-бірте халықаралық салық салу қағидаттарына сәйкестендіру көзделді. Осыған байланысты «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» 1995 жылғы сәуірдің 14-інде Қазақстан Республикасы Президентінің заң күші бар жарлығы шықты. Енді бұрынғы 42 салықтар мен алымдар едәуір қысқартылып, олардың саны небәрі 11 болып қалды.

Қазіргі кездегі салықтардың маңызы мен рөлі мемлекеттік органдарды қаржы ресурстарымен қамтамасыз етумен шектелмейді. Салықтар ұлттық табысты мемлекеттендірудің басты құралы. Олардың макроэкономикалық шешуші рөлі артып келеді, мұны ЖҰӨ-нің көлеміндегі салық үлесінің ұлғаюынан көруге болады. Салықтар экономикалық белсенділікті арттырудың, ұдайы өндіріс процесіне әрекет етудің басты бір тұтқасы ретінде жаңа сипатқа ие болуда.

Салықтар қаржының бастапқы категориясы болып табылады. Салықтар мемлекетпен бірге пайда болды және мемлекеттің өмір сүріп, дамуының негізі болып табылады. Адамзат дамуының бүкіл тарихы бойына салық нысандары мен әдістері өзгерді, игерілді, мемлекеттің қажеттіліктері мен сұрау салуларына бейімделді. Салықтар тауар-ақша қатынастарының ахуалына әсер ете отырып, олардың дамыған жүйесінде айтарлықтай өрбіді.

Салық жүйесі арқылы қоғамның еңбекке жарамсыз мүшелерінің неғұрлым тиімді және берік әлеуметтік қорғалуы қамтамасыз етіледі.

Салық механизмінің құрылымы келесі элементтерден тұрады:

- салық түрлерінің жиынтығы (салық жүйесі);
- салықтық төлемдерді жоспарлау және болжамдау;
- салықтық құқық және салықтық заңдылықтар;
- салық салу қағидалары;
- салықтарды басқару жүйесі;
- салық элементтері;
- салықты төлеу қабілеттілігі және реттілігі;
- салықтық федерализм;
- салықтық бақылау;
- ақпараттық қамсыздандыру;
- салықтық есеп қисаптар.


Көрініп тұрғандай салық механизмі салықтарды басқарудан бастап, салықтық есеп қисаптарға дейінгі барлық жиынтық ережелері, формалары, салық салу қабілеттілігінің барлығын өз құрамына кіргізіп отыр.

Қазақстанның 2030 жылға дейінгі даму стратегиясында болашақтағы мемлекетіміздің негізгі байлық көзі шикізатты, соның ішінде ең біріншіден мұнайды экспорттау болып табылады. Осыған сәйкес, салық жүйесінің алдында тұрған маңызды мәселелердің бірі шикізатты экспорттаушыларға салынатын салықтардың тиімділігін арттыру болып табылады. Егер экспортталатын шикізаттың әлемдік бағасы күрт төмендеп кетсе, онда мәселе қалай шешіlmек деген сұрақтың қойылуы сөзсіз. Оған жауап беру үшін, мұндай экспорттың еліміз үшін маңыздылығын сарапқа салуымыз қажет. Егер әлемдік бағаның төмендеуіне қарамастан шикізатты еліміз үшін маңызды болып қала берсе, онда өндіруші кәсіпорындарға мемлекет тарапынан көмек көрсету аса қажет.

Салық салу жағынан шикізатты экспорттаушылар үшін көмекті табыс салығы ставкасын да азайту қажет. Мұндай әрекет шикізатты өндірушілер мен экспорттаушылар үшін едәуір көмек болар еді. Сонымен, шикізатты экспорттаушыларға қолданылып келген үстеме пайдаға салынатын салықты алып тастап, бір ғана прогрессивті табыс салығын қолданған дұрыс. Көлеңкелі экономиканың келеңсіз әрекеттерінен еліміздегі күнделікті тұрмыстық қажеттіліктерге аса зәру болып отырған тұрғындардың бөлігі көп зардаптар шегуде. Екінші жағынан, салық салынатын базаның кемуінен, экспорттаушы емес экономиканың басқа салаларында қызмет атқарып отырған кәсіпорындарға жүктелетін салық ауыртпалығы арта түсуде.

Қазіргі кезде Қазақстанда өндірістің дамуына ғана емес сонымен бірге кез-келген бизнестің дамуына жақсы жағдайлар құрылған. Бүгінгі таңда шағын және ірі бизнеспен айналысатын кәсіпкерлер келесідей негізгі проблемалармен қақтығысады: салықтар, заңдылықтардың тұрақсыздылығы, мемлекеттік органдардың қайшы келуі, сот жүйесінің дамымауы, несие берудің аздығы, қылмыс. Біздің ойымызша шағын және ірі кәсіпорындарға, жеке кәсіпорындарға салық жеңілдіктерін енгізу қажет.

Экономиканың тұрақтылығының жоқ болуы, өндірістің төмендеу жағдайларында белгілі бір қызмет түрлеріне салық каникулын, салықтық несие, салықтық жеңілдіктерін беру арқылы ынталандыру қажет. Біздің салық жүйеміз отандық өндірушілерді ынталандыру қажет. Өйткені, әлемдік тәжірибиеде көрсеткендей экономиканың өсуі шағын және ірі бизнестің дамуына байланысты болады. «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)» Қазақстан Республикасының Кодексіне сәйкес 2015 жылғы 1 қаңтардан бастап сақтандыру, қайта сақтандыру ұйымдары үшін салық салудың жалпы режимі енгізіледі. Салық салынатын табыс түзетулер ескерілген жиынтық жылдық табысы мен шегерімдер арасындағы айырмасы ретінде анықталады



Сурет1- 2015 жылғы 1қаңтардан бастап салық салу схемасы

2015 жылғы 1 қаңтардан дейін (тоқтата тұру кезеңде) белгіленген салық салу тәртібі Салық Кодексінің (Заңның 9-бабы) алдыңғы редакциясында көзделген сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарына салық салу тәртібіне сәйкес келеді, яғни, сақтандыру және қайта сақтандыру қызметін жүзеге асыру бөлігіндегі салық салынатын табыс комиссиялық сыйақылары шегерілген есептелген сақтандыру сыйлықақылары, сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттарын бұзған кезде қайтарылған сақтандыру сыйлықақылары, қайта сақтандыру шарттары бойынша төленген сақтандыру сыйлықақылары және «Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры» АҚ-на міндетті жарналары сомасынан құралады. Корпоративтік табыс салығының ставкалары да алдыңғы Салық Кодексінде көзделген салық салу ставкаларына сәйкес келеді: жинақталмаған сақтандыру бойынша – 4%, жинақталған сақтандыру бойынша, аннуитеттік сақтандыру бойынша – 1%.



Сурет 2- Сақтандыру және өзге қызметі бойынша салық салу

Федералды елдерде салық саясаты үш деңгейде өтеді: үкіметтік, аймақтық (штаттар, департамент, жер және т.б.) және жергілікті үкімет органдары (муниципалитет, графтік т.б.). Федералды бөлінбейтін мемлекеттерде (Франция, Жапония) екі деңгейлі салық жүйесі, ол жалпы мемлекеттік және жергілікті салықтан құралған.

Кәсіпорындармен жеке кәсіпкерлердің жалпы салығы олардың табысынан 3/1 бөлігінен аспауы тиіс. Жергілікті органдардың бюджет табысының бір бөлігі салық түсімі негізінен құралады (Жапонияда 30%, Францияда 54%, АҚШ-та 65%, Германияда 28%) сонымен қатар орталық бюджеттен субсидиялармен дотациялар. АҚШ-та, мысалы, жергілікті үкімет органдарының субсидиясы, бюджет штатынан түсетін табыстың 33% құрайды, федералды бюджеттен дотация 7%, Ұлыбританияда мемлекеттік субсидияның жалпы сомасы 70% құрайды. Соңғы жылдары көптеген мемлекеттерде орталық бюджет тарапынан субсидиялармен дотациялардың бөлінбеу тенденциялары орын алуда.

Инвестициялық әрекетті салық тарапынан реттеудің негізгі әдістерінің бірі болып бұл корпорацияларға салынатын салықтарға дифференсацияланған әдісті қолдану. Бұл жерде арнайы салық төлеушілер үшін, әр түрлі аймақтармен жекелеген салалар үшін салық жеңілдіктерін қолдану. АҚШ-пен Батыс Европадағы инвестицияларды ынталандыру мақсатында қолданылып жүрген эканомикалық тиімді тәсілдерге тоқталып кетейік. Сонымен қатар бұл әдістер біздің салық заңнамамызда да қолданылуы мүмкін. Қазақстан үшін дамыған елдердің бұрыннан қолданып келе жатқан әдісі - салықтық жоспарлау өте үлкен қызығушылық туғызып отыр. Салықты жоспарлауды макроэкономиканың құралы ретінде және кейбір нарық субъектілерінің салық менеджменттінің элементі ретінде қарастыруға болады.

Республикамызда өмір сүріп отырған жалақылары төмен азаматтар үшін салық заңымызда жеңілдіктер қарастырылмаған деуге болады. Мысалы, салық заңында жеке тұлғалардың табыстарына қолданылатын шегерімдердің мөлшері барлық жеке тұлғалар үшін бірдей – бірайлық есептеу көрсеткіші деңгейінде және әрбір бір айлық есептеу көрсеткішінен төмен табыс табатын немесе мүлдем табысы жоқ әрбір жанұя мүшесі үшін бір айлық есептеу көрсеткіші мөлшерінде шегерім жасауға рұқсат етіледі. Яғни жалақы мөлшері 45000 тенге болатын және жалақысы 4500 тенгені құрайтын жеке тұлғалардың табыстарына қолданылатын шегерімдердің шамасы бірдей. Бұл әрине әділдікке жатпайды, алсалықтардың классикалық үлгісі бойынша әділдік принципі алдыңғы орынға ие болуы қажет.

Осындай объективті және субъективті жақтарды ескере отырып, келесі ұсыныстарды қозғауға болады. Біріншісі жеке тұлғаларға қолданылатын шегерімнің мөлшерін өзгерту және оны тек табысы төменгілерге ғана қолдану, екіншісі, табыс салығынан ең төменгі жалақы алушыларды босату. Сонымен, егер республикамыздың салық жүйесіндегі жеке тұлғаларға салынатын табыс салығына осындай өзгерістерді енгізетін болса, табысы өте төмен дәрежедегі азаматтарыға едәуір көмек болар еді.

Қорыта айтқанда, жоғарыда аталған ұсыныстарды жүзеге асыру қиынға соқпайды, ал олардан түсетіе экономикалық тиімділік айтарлықтай болары анық. Қазіргі кезде экономика тұрақталды. Ең алдымен ол негізгі макроэкономикалық көрсеткіштердің тұрақталуымен, ішкі жалпы өнімнің өзімен тұрақтанады. Қорыта айтқанда салық ел экономикасының өсуіне үлкен ықпал келтіреді:

Салықтың жүктемелі төмендету біздің реформаны жүзеге асыруда қолданылады. Бұл кәсіпкерлікті дамыту үшін қажетті жағдай жасауға көмектеседі. Әйтседе осындай жағдайда да бюджет біраз қаржы жоғалтады. Содықтан оның онын табу үшін салық салу базасын кеңейту арқылы, көлеңкелі бизнес айналымының бір бөлігі таза эклнлмикаға тарту шешімін табатын мәселелердің бірі. Теориялық бөлімде - салықтардың экономикалық мәні мен маңыздылығын сипаттама бере отырып онда салық түсінігіне, салық түрлеріне және салықтың атқаратын қызметіне, салықтың элементтеріне және Лаффер қисық сызығына сипаттама бердім.

Ал аналитикалық бөлімінде – ҚР салық салу жүйесіне сипаттама бере отырып ҚР-н салық қызметінің құрылымына, оның ерекшеліктеріне және оның қажеттіліктеріне, «ҚР

салық жүйесі туралы» заңдардың қабылдануына және ондағы әртүрлі өзгерістер мен толықтыруларға тоқталдым. Салық коексі ол экономикалық қана емес мәні бар ірі құжатта болып саналады. Кодекс қабылданғаннан кейін Үкімет оны жүзеге асырудың арнайы құжаттарын дайындап үлкен жұмыстар атқарып жатыр. Біздің мақсатымыз – еліміздің салық саясатындағы жүзеге асырып жатқан іс шараларын насихаттау, салық төлеушілердің арасында «салық мәдениетін» қалыптастыру, әрбір тұлғаның салық төлеуге деген азаматтық борышын арттыру.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының "Салықтар және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Салық кодексі, 10-қаңтар, Алматы, 2006.
2. Қазақстан Республикасының "Бюджет жүйесі туралы" заңы, 1- сәуір, 2003.
3. Қазақстан Республикасының 2005 жылғы "Республикалық бюджет туралы заңы", 15-желтоқсан, 2005.
4. Баймуратов У. "Национальная экономическая система" Алматы, 2000.
5. Баймурзаев Р. Л.Аносова, Г.Жарылгасимова "Налоги в Казахстане", Алматы, 2000.
6. Драбозина Л.А. "Финансы" Москва-2001.
7. Ильясов К.К., Зейнелгабдин А.Б., Дрыстанбекова С.С. "Финансово-кредитные проблемы экономики Казахстана" Алматы, 1995.

УДК.336.01/02

ФОРМИРОВАНИЕ ФИНАНСОВОГО РЫНКА: СОСТОЯНИЕ, ВОЗМОЖНОСТИ, ПРОБЛЕМЫ

Омарова Фарида Амангелдіқызы

fari_1997@list.ru

студент 2 курса специальности «Финансы»

Экономического факультета ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан

Научный руководитель - д.э.н., профессор Сембиева Л.М.

Функционирование финансовых рынков в современном мире обеспечивает перелив капиталов, приток инвестиций, способствует осуществлению расчётов, формирует цены на важнейшие валюты и финансовые инструменты. Вместе с тем, роль финансового рынка не ограничивается функциями аккумуляции, распределения и перераспределения денежных ресурсов.

На данный момент, важной задачей Республики Казахстан является формирование устойчивой финансовой системы в условиях рыночной экономики и выход на мировой рынок, а также развитие и совершенствование финансового сектора. Как известно, состояние развития финансового сектора оказывает значительное влияние на уровень экономического роста страны. И финансовый рынок является своеобразным генератором множества показателей, по которым можно произвести оценку состояния экономики в целом. Поэтому развитие финансового рынка особенно актуально для такой страны, как Республика Казахстан.

Финансовый рынок является одним из наиболее часто используемых понятий в экономике. Это совокупность отношений, связанных с оказанием и потреблением финансовых услуг, а также выпуском и обращением финансовых инструментов [1].

Финансовый рынок один из важнейших элементов любой экономики, поскольку он позволяет мобилизовать временно свободные средства и эффективно распределить их между теми, кто в них нуждается, тем самым, способствуя деятельности экономических агентов и развитию экономики в целом. [2, С.12].